

Мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2013 жылғы 4 наурыздағы № 43 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 сәуірде № 1915 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 118 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 14.04.2014 № 118 қаулысымен .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабының 4 тармағына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісім шарттарды тіркеу» ;

2) «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету регламенттері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ғали Нәжімеденұлы Есқалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

Ж а м б ы л

о б л ы с ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

4

н а у р ы з д а ғ ы

№ 43 қаулысымен бекітілген

«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісім шарттарды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тіркеуші орган) осы «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету регламентінің (бұдан әрі –Регламент) 1 қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетеді

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 27-бабының 12) тармақшасы және 68-бабының 3-тармағы, «Көмірсутек шикізатын қоспағанда, жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1151 қаулысымен бекітілген «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметті алушы осы Регламенттің 12 тармағында көзделген құжаттарды тапсырған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей көрсетіледі;

2) мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алған кезде құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты отыз минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу кезінде құжаттарды алудың рұқсат берілген ең ұзақ уақыты отыз минуттан аспайды;

6. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

7. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі осы Регламенттің 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты тіркеу актісі немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат www.urg-taraz.kz интернет-ресурсында орналасқан, сондай-ақ 8 (7262) 43-67-97 телефоны арқылы алуға болады.

9. Жұмыс кестесі: демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін

қоспағанда, сағат 13.00-15:00-ге дейін түскі үзіліспен, күн сайын сағат 9.00-19.00
г е д е й і н .

10. Осы Регламенттің 12 тармағында көзделген құжаттардың тізбесін толық бермеу мемлекеттік қызмет ұсынудан бас тарту үшін негіздеме болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі іс-әрекеттер тәртібінің сипаттамасы

11. Құжаттардың қабылдануы тіркеуші органның кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін тіркеуші органға мемлекеттік қызметті алушы :

1) өтініш (еркін нысанда);
2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт (түпнұсқасы үш данадан) ;

3) сенімхатсыз қол қоюға құқығы бар, тұтынушының бірінші басшысын қоспағанда, мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдіретін тұлғаға берілетін сенімхат ұсынады.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету процессінде қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер:

- 1) тіркеуші органның кеңсе қызметкері;
- 2) тіркеуші органның жауапты орындаушысы;
- 3) тіркеуші органның басшысы.

14. Әрбір құрылымдық-функционалдық бірліктердің әрбір әрекеттің орындалатын мерзімдерін көрсете отырып, әкімшілік іс-әрекеттердің өзара іс-қимылы және дәйектілігінің мәтінді кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 3 қосымшасында көрсетілген.

15. Құрылымдық-функционалдық бірліктердің әкімшілік іс-әрекеттерінің өзара қисынды дәйектілігінің арасындағы өзарабайланысты көрсететін схема, осы Регламенттің 4 қосымшасында көрсетілген.

4. Шағымдану тәртібі

16. Мемлекеттік қызмет алушы уәкілетті қызметкерлердің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты жұмыс кестесіне сәйкес тіркеуші органның басшысынан осы Регламентке 1 қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша ала алады.

17. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым жұмыс кестесіне сәйкес осы Регламентке 1 қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша тіркеуші органға беріледі.

18. Қызмет көрсету кезінде дәрекілік көрсетілген жағдайларда шағым жұмыс кестесіне сәйкес осы Регламентке 1 қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша тіркеуші _____ органға _____ беріледі.

19. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету Регламентіне 1 қосымша

Тіркеуші орган

Тіркеуші органның атауы	Заңды мекен-жайы	Ресми сайты және телефон нөмірі	Жұмыс кестесі
«Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 133-а.	www.upr-taraz.kz 8 (7262) 43-67-97	Демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 9-00 бастап 19-00 дейін, түскі үзіліс сағат 13-00 бастап 15-00 дейін

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету Регламентіне 2 қосымша

Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу АКТІСІ

2 _____ ЖЫЛҒЫ «__» _____

№ _____

_____ (қала, аудан)

_____ негізінде

_____ (келісімшарт жасау негізі)

_____ жасалған құзыретті орган _____

_____ (құзыретті органның атауы)

_____ мен мердігер _____

_____ (мердігердің атауы)

арасында _____ келісімшарт тіркелді
(келісімшарт атауы)

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісін берген мемлекеттік орган басшысының Т.А.Ә., қолы

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету Регламентіне 3 қосымша

Кесте. Құрылымдық-функционалдық бірліктердің іс-қимылдарының сипаттамасы

	Іс-әрекеттер(жұмыс барысының, ағымының) №	1	2
2	Құрылымдық-функционалдық бірліктерінің атауы	Тіркеуші органның кеңсе қызметкері	Тіркеуші органның басшысы
3	Іс-әрекеттер атауы және олардың сипаттамасы	Мемлекеттік қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу.	Мемлекеттік қызметті алу ұсынған құжаттармен тань орындау үшін жауапт орындаушыны анықтау
4	Аяқталу нысаны	Өтінімді тіркеу (мөртабан және кіріс нөмірі, күні)	Орындаушыға жолдау
5	Орындалу мерзімі	30 минуттан аспайды	1 жұмыс күн
6	Келесі іс-әрекеттің №	2	3


кестенің жалғасы

3	4	5
Тіркеуші органның жауапты орындаушысы	Тіркеуші органның басшысы	Тіркеуші органның жауап орындаушысы
Құжаттардың толықтығына тексеру жүргізу, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты тіркеу актісінің немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасын дайындау	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты тіркеу актісінің немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасын қарау	Жер қойнауын пайдалану жөні операцияларды жүргізуге арна келісімшартты тіркеу актісін не қызметті көрсетуден бас тг туралы дәлелді жауапты беру
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты тіркеу актісінің немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасы	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты тіркеу актісіне немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа кол қою	

1 жұмыс күн	1 жұмыс күн	30 минуттан аспайды
4	5	

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға,
өндіруге арналған келісімшарттарды тіркеу
мемлекеттік қызмет көрсету Регламентіне
4 қосымша

**Әкімшілік іс-әрекеттерінің өзара қисынды дәйектілігінің арасындағы
өзарабайланысты көрсететін схема:**



Ж а м б ы л

2 0 1 3

№ 43 қаулысымен бекітілген

о б л ы с ы

ж ы л ғ ы

4

ә к і м д і г і н і ң

н а у р ы д а ғ ы

«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тіркеуші орган) осы «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету регламентінің (бұдан әрі – Регламент) 1 қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 27 бабының 13) тармақшасы, «Көмірсутек шикізатын қоспағанда, жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1151 қаулысымен бекітілген «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметті алушы осы Регламенттің 12 тармағында көзделген құжаттарды тапсырған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей көрсетіледі;

2) мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алған кезде құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты отыз минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу кезінде құжаттарды алудың рұқсат берілген ең ұзақ уақыты отыз минуттан аспайды.

6. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

7. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі осы Регламенттің 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған құқығының кепіл шартын тіркеу туралы куәлігі немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат www.upr-taraz.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ 8 (7262) 43-67-97 телефоны арқылы алуға болады.

9. Жұмыс кестесі: демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-15:00-ге дейін түскі үзіліспен, күн сайын сағат 9.00-19.00 - г е д е й і н .

10. Мемлекеттік қызмет ұсынудан бас тарту үшін:

1) осы Регламенттің 12 тармағында көзделген құжаттардың тізбесін толық б е р м е у ;

2) құзыретті органның жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге арналған рұқсатының жоқтығы негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі іс-әрекеттер тәртібінің сипаттамасы

11. Құжаттардың қабылдануы тіркеуші органның кеңсесі арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін тіркеуші органға мемлекеттік қызметті а л у ш ы :

1) өтініш (еркін нысанда);

2) белгіленген тәртіппен қол қойылған жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл туралы шартты (үш данада);

3) сенімхатсыз қол қоюға құқығы бар мемлекеттік қызметті алушының бірінші басшысын қоспағанда, мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдіретін адамға берілетін сенімхатты ұсынады.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету процессінде қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер:

1) тіркеуші органның кеңсе қызметкері;

2) тіркеуші органның жауапты орындаушысы;

3) тіркеуші органның басшысы.

14. Әрбір құрылымдық-функционалдық бірліктердің әрбір әрекеттің орындалатын мерзімдерін көрсете отырып, әкімшілік іс-әрекеттердің өзара іс-қимылы және дәйектілігінің мәтінді кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 3 қ о с ы м ш а с ы н д а к ө р с е т і л г е н .

15. Құрылымдық-функционалдық бірліктердің әкімшілік іс-әрекеттерінің өзара қисынды дәйектілігінің арасындағы өзарабайланысты көрсететін схема, осы Регламенттің 4 қосымшасында көрсетілген.

4. Шағымдану тәртібі

16. Мемлекеттік қызмет алушы уәкілетті қызметкерлердің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты жұмыс кестесіне сәйкес тіркеуші органның басшысынан осы Регламентке 1 қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша ала алады.

17. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым жұмыс кестесіне сәйкес осы Регламентке 1 қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша тіркеуші органға беріледі.

18. Қызмет көрсету кезінде дөрекілік көрсетілген жағдайларда шағым жұмыс кестесіне сәйкес осы Регламентке 1 қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша тіркеуші органға беріледі.

19. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету Регламентіне 1 Қосымша

Тіркеуші орган

Тіркеуші органның атауы	Заңды мекен-жайы	Ресми сайты және телефон нөмірі	Жұмыс кестесі
«Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 133-а.	www.upr-taraz.kz 8 (7262) 43-67-97	Демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 9-00 бастап 19-00 дейін, түскі үзіліс сағат 13-00 бастап 15-00 дейін

«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету Регламентіне 2 Қосымша

Жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі туралы шартты тіркеу туралы
КУӘЛІК

(қала, аудан)

Кепіл беруші: _____

(заңды немесе жеке тұлғаның атауы, мекенжайы,)

Кепіл ұстаушы: _____

(банктің атауы, оның заңды мекен-жайы)

Кепіл шарты: _____

(нөмірі, күні)

Жер қойнауын пайдалану құқығының сипаттамасы: _____

(жер қойнауын пайдалану операциясының түрі, кен орнының толық атауы)

Келісімшарт: _____

(келісімшарттың нөмірі мен жасалған күні)

Міндеттеменің сомасы: _____

(санмен және жазумен)

Міндеттемені өтеу мерзімі: _____

(күні)

Ескертпе: _____

Жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі туралы шартты тіркеу туралы куәлікті берген мемлекеттік орган басшысының Т.А.Ә., қолы

«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету Регламентіне 3 Қосымша

Кесте. Құрылымдық-функционалдық бірліктердің іс-қимылдарының сипаттамасы

	Іс-әрекеттер(жұмыс барысының, ағымының) №	1	2
2	Құрылымдық-функционалдық бірліктерінің атауы	Тіркеуші органның кеңсе қызметкері	Тіркеуші органның басшысы
3	Іс-әрекеттер атауы және олардың сипаттамасы	Мемлекеттік қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу.	Мемлекеттік қызметті алу ұсынған құжаттармен таны орындау үшін жауапт орындаушыны анықтау
	Аяқталу нысаны	Өтінімді тіркеу (мөртабан және кіріс нөмірі, күні)	Орындаушыға жолдау
5	Орындалу мерзімі	30 минуттан аспайды	1 жұмыс күн

6	Келесі іс-әрекеттің №	2	3
---	-----------------------	---	---

кестенің жалғасы

3	4	5
Тіркеуші органның жауапты орындаушысы	Тіркеуші органның басшысы	Тіркеуші органның жауап орындаушысы
Құжаттардың толықтығына тексеру жүргізу, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған құқығының кепіл шартын тіркеу туралы куәлігінің немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасын дайындау	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған құқығының кепіл шартын тіркеу туралы куәлігінің немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасын қарау	Жер қойнауын пайдалану жөні операцияларды жүргізуге арна құқығының кепіл шартын тің туралы куәлігін немесе қызм көрсетуден бас тарту туралы дә жауапты беру
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған құқығының кепіл шартын тіркеу туралы куәлігінің немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасы	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған құқығының кепіл шартын тіркеу туралы куәлігіне немесе қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	
1 жұмыс күн	1 жұмыс күн	30 минуттан аспайды
4	5	

«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету Регламентіне 4 Қосымша

Әкімшілік іс-әрекеттерінің өзара қисынды дәйектілігінің арасындағы өзарабайланысты көрсететін схема:

